

Мәслихаттың 2014 жылғы 9 сәуірдегі № 188 "Қостанай облысы Қарасу ауданы Восток ауылдық округінің бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу қағидаларын және жергілікті қоғамдастық жиындарына қатысу үшін ауыл тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Қарасу ауданы мәслихатының 2017 жылғы 11 тамыздағы № 139 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 6 қыркүйекте № 7191 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Қарасу ауданы мәслихатының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 362 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Қарасу ауданы мәслихатының 27.12.2019 № 362 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 39-3-бабы 6-тармағына және "Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің үлгі қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 қаулысына сәйкес, Қарасу аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Мәслихаттың 2014 жылғы 9 сәуірдегі № 188 "Қостанай облысы Қарасу ауданы Восток ауылдық округінің бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу қағидаларын және жергілікті қоғамдастық жиындарына қатысу үшін ауыл тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы" шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 4697 нөмірімен тіркелген, 2014 жылғы 21 мамырда "Қарасу өңірі" газетінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешімнің қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессияның төрағасы

В. Журжа

Қарасу аудандық

мәслихатының хатшысы

С. Қазиев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қостанай облысы Қарасу ауданы

Восток ауылдық округінің әкімі

М. Беккулинов
2017 жылғы 11 тамыз

Қарасу аудандық мәслихатының
2017 жылғы 11 тамыздағы
№ 139 шешіміне қосымша
Қарасу аудандық мәслихатының
2014 жылғы 9 сәуірдегі
№ 188 шешіміне қосымша

**Қостанай облысы Қарасу ауданы Восток ауылдық округінің жергілікті
қоғамдастық жиындарына қатысу үшін ауыл тұрғындары өкілдерінің
сандық құрамы**

Елді мекеннің атауы	Өкілдерінің саны (адам)
Восток ауылының тұрғындары үшін	30
Жұмағұл ауылының тұрғындары үшін	5
Майское ауылының тұрғындары үшін	3
Тіртүір ауылының тұрғындары үшін	3

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК